



010000, Нұр-Сұлтан к., Бейбітшілік к-сі, 11 үй
тел.: 55-66-31, 55-66-35, факс: 55-72-94

№
8.09.2022 № 4 ге

010000, г. Нур-Султан, ул. Бейбитшилик, 11
тел.: 55-66-31, 55-66-35 факс: 55-72-94

**Тұрақты комиссияның
2022 жылғы 8 қыркүйектегі
қаулысы**

**Елорданы газдандыру
туралы**

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының құрылышы, экология, көлік, сауда және түрфын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы (бұдан әрі - тұрақты комиссия) елорданы газдандыру туралы ақпаратты тыңдап және талқылай отырып, мынаны атап өтеді.

Газ тарату желілерінің құрылышы үш кезеңде жүзеге асырылады.

Бүгінгі күні «Көктал-1», «Көктал-2», «Агрокалашық», «Железнодорожный», «Промышленный», «Оңтүстік-Шығыс», «Күйгенжар», «Мичурино», «Интернациональный» түрфын алаптарында, сондай-ақ «Ақбидай», «Қазакауыл» үш шағын аудандарында және қаланың ескі бөлігінің Потанин көшесінде тұтынушыларды газға қосу қамтамасыз етілді. 650 км. газбен жабдықтау желілерінің құрылышы орындалды.

Газбен 14 мың абонент қамтамасыз етілді, 5 мыңдан астам үй қосылды.

Сондай-ақ, ЖЭО-1, ЖЭО-2 13 қазандығы (ЖЭО-1 жеті қазандық, ЖЭО-2 алты қазандық) газға ауыстырылды. Ағымдағы жылы ЖЭО-1-де тағы 3 энергетикалық қазандық газға көшіріледі. 12 әлеуметтік нысанда газға қосу бойынша қосу-реттеу жұмыстары жүргізілуде. Газға «Шарапат» әлеуметтік қызмет көрсету орталығы, «Мейіржан», «Қарақат», «Аққанат» балабақшалары, № 57, 19 мектептер және төрт көппәтерлі түрфын үй кешені қосылған. Қазіргі уақытта № 20 мектеп пен инфекциялық Ковид-орталығын газбен қамтамасыз ету жұмыстары жүргізілуде.

Бүгінгі күні қала бойынша 6 мыңдан астам техникалық шарт беріліп, 50 мыңдан астам адам кеңес алды, осы бағыттағы жұмыстар жалғасуда.

Ағымдағы жылы «Тұран», «Тельман» аудандық қазандықтарына және «Ильинка», «Тельман», «Пригородный», «Family Village», «Өндіріс» түрфын алаптарына газ жеткізу желілерінің құрылышы басталды. Кварталішілік желілердің құрылышы 2023 жылы басталады, олар бойынша қазіргі уақытта жобалау-іздестіру жұмыстары жүргізілуде.

Осылайша, 2024 жылы 300 мыңға жуық қала халқы газбен қамтамасыз етілетін болады.

000173

Тұтастай алғанда, тұрғын үй алаптарын газдандыру және энергия көздерін газға ауыстыру шығарындыларды жылына 40 мың тоннаға дейін азайтуды қамтамасыз етеді, сондай-ақ газ баллондарын пайдалануға байланысты төтенше жағдайларды барынша азайтады.

Халықтың газға көшүіне көмек көрсету үшін мынадай шаралар қабылданды: қосылу үшін құжаттар тізбесі қысқартылды; газды есептеу бойынша тегін аспаптар берілді; халықтың әлеуметтік осал топтарына 413 мың теңге мөлшерінде ақшалай өтемақы бөлінеді; үйді газдандыруға банктер арқылы бөліп төлеу және пайызызы кредит беру, оның ішінде Халық банкі арқылы 1,5 жылға 750 мың теңгеге дейін ұсынылады.

Казіргі уақытта «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ аудандық әкімдіктермен бірлесіп, тұрғын үй алаптарында техникалық шарттарды беруді қамтамасыз ететін мобиЛЬДІ топтар құрды. Барлық газ тарату желілері тұтынушыларға одан әрі қызмет көрсету үшін «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ ұлттық операторына берілді.

Отырыс барысында заңды тұлғаларды газға қосу, газ жабдықтарын төсеу орындарындағы жолдар мен тротуарлардың авариялық жағдайы, газдандыру бойынша әлеуметтік көмек алушылар санатына жататын тұлғалармен жүргізілетін жұмыстың жеткіліксіздігі мәселелері айтылды.

Жоғарыда баяндадынның негізінде Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының құрылышы, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТТИ**:

1. Елорданы газдандыру туралы ақпарат назарға алынын.
2. Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігіне:

Нұр-Сұлтан қаласын газдандыру жөніндегі жұмысты жалғастыру;

тұрғын үй алаптарында тұратын газдандыру бойынша әлеуметтік көмек алушылар санатына жататын адамдардың саны туралы ақпарат ұсыну;

газдандыру бойынша әлеуметтік көмек алушылар санатына жататын тұлғалармен газдандыру бойынша көрсетілетін мемлекеттік қолдау шаралары туралы атаулы ақпараттық - түсіндіру жұмысын жүргізу;

елорда әуежайын бұрын техникалық шарттар берілген газ нұктелеріне қосу жөніндегі мәселені реттеу;

жолдар мен тротуарлардың газдандырудың инженерлік жүйелері жүргізілгеннен кейінгі бүлінген жай-күйі туралы мәслихат депутаттары атаған фактілер бойынша шаралар қабылдау;

құқықтық актілерге газ құбырының құзет аймағы аумағында жол жөндеу жұмыстарын жүргізу тәртібін айқындау бойынша өзгерістер енгізу;

тұрақты негізде құрылышты аяқтайтын құрылыш салушылармен жылуға қосылу тәсілдері жөнінде, сондай-ақ халықпен ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

тұрғын үйлердің, жатақханалардың және т.б. меншік иелері үшін белгілі бір міндеттемелерді ескере отырып, ШОБ обьектілерін газ тарату желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды әзірлеу;

жаңадан салынып жатқан көппәтерлі тұрғын үй кешендерін газға қосуға техникалық шарттар беру рәсімін оңтайландыру жөнінде ұсыныстар енгізу ұсынылсын.

3. Осы қаулының орындалуы бойынша ақпаратты қалалық мәслихатқа бір ай мерзімде беру қамтамасыз етілсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының құрылышы, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

Отырыс төрағасы –

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының

құрылышы, экология, көлік, сауда және

тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі

тұрақты комиссияның мүшесі

A. Смагұлов